

*Қазақстанда ауыл
шаруашылығын ұжымдастыру.*

Ұжымдастыру қарсаңында



- Уа, кімсіз?
- шаруамын
- Қайдан келесің?
- Ауылдан келемін
- Ауылың қалай?
- Ұжымдастыру жүргелі жатыр
- сонда не болады?
- колхоздар құрылады
- Малдарың бар ма?
- бар, шүкір
- қанша?
- 40,5 млн – ға жетті.
- А – а, жақсы екенсіңдер.

ЖАҢА СӨЗ

Ұжымдастыру / коллективизация

– бұл жеке шаруа

қожалықтарын

ұжымдық

шаруашылықтарға

біріктіру процесі.

«Кіші қазан» идеясы

**«Қазақ өлкесіндегі ауылдар
Қазан төңкерісінің лебін
сезінбеген. **Ауылды кеңестендіру
қажет!**»**



Ф.И. Голощекин

АУЫЛДЫ КЕҢЕСТЕНДІРУ

Шабындық және
егістік жерлерді
қайта бөлу

1928 жылы “Аса бай
шаруашылықтар мен
жартылай феодалдарды
тәркілеу” және жер аудару
туралы декрет шықты

ЖАҢА СӨЗ

Тәркілеу / конфискация –
бұл жеке меншіктегі
мүліктерінің барлығы
немесе жартысын
мемлекеттің
қазынасына тартып
алу

Ұжымдастыруға бағыт алу



Компартияның
XҮ съезі
1927 жыл

Бұл съезде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағыты жарияланды. Осылай «өркениетті кооператорлар қоғамын» құру идеясы КСРО – дағы социализм құрылысының құрамдас бөлігіне айналды.

Ұжымдастыру кезінде

Колхоз құрылысының
негізгі формасы:

1927 жыл

1932 жыл

Астықты
аудандарда

Мал өсіретін
аудандарда

Ауыл шаруашылығы артелі

Жерді бірлесіп өңдеу мен шөп
шабу жөніндегі серіктестік

Ұжымдастыру кезінде

- 1929 ж 2 жарт бастап **Машина Трактор Станциялары (МТС)** құрылды
- “Ұжымдастырушылар” **8 мың** еді + Ресейден **1204** адам жіберілді
- Катаң жүргізіліп, жаппай қуғындау мен лаңкестікке негізделді.
- **Кулактарды** жою дейтін науқанның зардаптары өте ауыр болды.
- **1930 – 32 жж** елде **аштық** етек алды.
- Халықтың саны **азайып** кетті: **6,2 млн-ның 2,1 млн** аштықтан қырылды.

Ұжымдастыру кезінде

Іс мынаған дейін жетті:
қыстыгүні, **1932 жылдың**
ақпанында, **Шу ауданында**
аумағы **150 шақырым** жерден
жүздеген шаруашылықтар
жиналып, **400 киіз үй** **«қала**
үлгісіндегі поселке» болып
тігілді. Жалған белсенділер
отырықшыландыруды
жоспарланған **үш жылдың**
орнына **үш күнде** аяқтап, мал
өсіруші шаруашылықтарды сол
жерде ұжымшарға жаза
бастады.



Ұжымдастыру кезіндегі ұлт зиялылары

«...Жекелеген фактілер келтірмей – ақ, жалпы сипатта алғанда, ауылдар мен селоларда сұмдық оқиғаларымен қоса аштық кең көлемде етек алған. **Ит, мысық желініп жатыр...** Халық аштықтан ісініп өлуде... Ал тірі қалғандардың аштықтан әлсірегені сонша, өліктерді жерлеуге де шамасы келмеуде: **өліктер шашылып жатыр**»

Павлодар
қаласынан

Ғ.Мүсірепов
М.Ғатауллин
М. Дәулетқалиев
Е.Алтынбеков
Қ.Қуанышев

**«Голощекин мырза,елдегі жағдайды қалай сіз білмей отырасыз? Қайыршылық, аштық ...
Үй – үйді аралап, бір үзім нан сұрап жүрген аштардың айтуына қарағанда, бір ауылдар тіпті бос қалған. Қол қусырып бос отыруға болмайды. Бұған бір шара қолдану қажет. ».**

«Құрметті, Сталин жолдас! Сіз мүмкін елдегі жағдайдан хабарыңыз жоқ шығар. Олай болса мен сізді хабардар ету мақсатымен хат жазып отырмын.елде аштық кең жайлады....»

Т. Рысқұлов

Ұжымдастырудан кейінгі жағдай



- Уа, кімсің?
- шаруамын
- Қайдан келесің?
- Ауылдан келемін
- Енді қайда барасың?
- Қалаға барамын
- Неге?
- жағдай жоқ.
- не болды?
- Барлығын алды. Аштық болды.
- кім алды?
- Кеңес үкіметі алды
- Мал қайда?
- бітті
- қанша қалды?
- 4,5 млн – ны қалды.
- Нең қалды?
- ештеңем
- Енді не істейсің?
- көтеріліске шығамын